



Осы Жарғы Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы) заңдарына сәйкес әзірленді және бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын заңды тұлға ретіндегі «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін белгілейді.

### **1-бап. Жалпы ережелер**

1. Қоғамның толық атауы:
  - а) мемлекеттік тілде: «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы;
  - б) орыс тілінде: акционерное общество «Самрук-Энерго»;
  - в) ағылшын тілінде: «Samruk-Energy» joint stock company.
2. Қоғамның қысқаша атауы:
  - а) мемлекеттік тілде: «Самұрық-Энерго» АҚ;
  - б) орыс тілінде: АО «Самрук-Энерго»;
  - в) ағылшын тілінде: «Samruk-Energy» JSC.
3. Атқарушы органның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй.
4. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектеусіз.
5. Қоғамның қызметі шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.
6. Қоғамның меншік нысаны – жеке.

### **2-бап. Қоғамның заңдық мәртебесі**

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелене және жүзеге асыра алады, өзіне міндеттер жүктей алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

8. Қоғамның Қоғам атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбалары мен бланкілері бар, сонымен қатар үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіпте тіркелетін өзінің тауар белгісі мен нышаны болуы мүмкін.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

10. Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

11. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында да, сонымен қатар одан тыс жерлерде де өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашуға және оларға құқықтар беруге құқылы.

12. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының және олар аумақтарында орналасатын мемлекеттердің заңдарында белгіленген тәртіпте құрылып, жабылады.

### **3-бап. Қоғам қызметінің мақсаты мен түрлері**

13. Қоғамның құрылуы мен оның қызметінің негізгі мақсаты табыс табу болып табылады.

14. Қоғам табиғи монополиялар субъектілерінің қызметімен байланысты емес барлық қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы, атап айтқанда:

- 1) Қазақстан Республикасындағы электр энергетикалық активтерді басқару;

2) қолдағы бар қуаттарды жаңғыртуға және жаңа генерациялаушы қуаттарды салуға, Қазақстан Республикасының энергетика саласына жаңа технологияларды енгізуге жәрдемдесу;

3) энергия жүйелерінің жұмыс тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

4) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам

тұлғалардың қызмет тиімділігін арттыру;

5) Қазақстан Республикасындағы инвестициялық жобалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

6) электр энергетикасы кешенін реформалауда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

7) Қоғамның энергетикалық нысандарында энергияны үнемдеу саясатын жүргізу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызмет.

15. Кез келген рұқсат етілген қызмет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және тиісті лицензия, рұқсат және/немесе мақұлдау алғаннан кейін ғана, егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған болса, жүзеге асырылады.

#### **4-бап. Қоғам мен оның акционерлерінің жауапкершілігі**

16. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен бөлек мүлкі бар және олардың міндеттемелері үшін жауап бермейді.

17. Қоғам өзіне тиесілі барлық мүліктер бойынша міндеттемелері үшін жауапкершілікте болады.

18. Акционер Қоғамның міндеттемелері үшін жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты залалына тәуекел етеді.

19. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды, сонымен қатар Қоғам немесе мемлекет өзіне осындай жауапкершілік алған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттің Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты Қоғам да мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді.

#### **5-бап. Қоғамның Жарғылық капиталы**

20. Қоғамның жарғылық капиталының мөлшері барлық орналастырылған жай акциялардың құнына тең, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен белгіленеді.

21. Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыруға Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге жағдайларда рұқсат етіледі. Қоғамның жарғылық капиталын арттыру Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

22. Қоғамның Директорлар кеңесі орналастыру (сату), оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны шегінде, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдайды.

#### **6-бап. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздары**

23. Қоғам облигациялар мен бағалы қағаздардың өзге түрлерін шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздар шығару, орналастыру, айналысы мен

өтеуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Жарғымен белгіленеді.

24. Қоғам Қоғам тек жай акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

Қоғамда «алтын акцияларды» енгізуге тыйым салынған.

25. Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

26. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін аукцион немесе жазылу арқылы немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін аукцион немесе жазылу арқылы жүзеге асырылады.

27. Қоғамға өзінің жарияланған акцияларын бағалы қағаздардың бастапқы нарығында орналастырған кезде оларды өзі сатып алуына жол берілмейді.

28. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.

29. Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау осы мүлікті пайдалануға төленетін ақының мөлшері негізге алына отырып, Қоғамның оны пайдаланған бүкіл мерзіміне жүргізіледі. Аталған мерзім біткенге дейін Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының келісімінсіз мұндай мүлікті алып қоюға тыйым салынады.

30. Орналастырылатын акция толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі (нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі) оны сатып алушының жеке шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

#### **7-бап. Дивидендтер**

31. Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін кірісі дивиденд болып табылады.

32. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғам акцияларының дауыс беретін басым жай акцияларымен дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

33. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

34. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша

қабылдайды.

Жыл қорытындысы бойынша дивидендтер Акционерлердің жалпы жиналысы дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдаған кезде белгілеген мерзімде төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша тоқсан немесе жарты жылдық қорытындыларының дивидендтерін төлеу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен ғана жүзеге асырылады.

**35.** Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялай отырып, қабылдауға құқылы.

**36.** Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

**37.** Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- 5) дивидендтер төлеу тәртібі мен нысаны болуға тиіс.

**38.** Акционер Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

**39.** Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алмаған акциялар бойынша, сонымен қатар егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

**40.** Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.

#### **8-бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері**

**41.** Қоғам акционері:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысында, осы Жарғыда немесе Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) өз алдына немесе басқа акционерлермен бірлесіп Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына иелік еткен жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген залалының орнын толтыруын, Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының жасалуына мүдделілігі бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау (жасау жөнінде ұсыныстар) туралы шешім қабылдауы нәтижесінде олардың алған пайдасын (табысын) қайтаруды талап ете отырып, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарға құқылы.

**42.** Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызы тиесілі (барлығы жиналғанда тиесілі), араларында жасалған келісім негізінде әрекет ететін акционер немесе бірнеше акционер (бұдан әрі – «Ірі акционер») сонымен қатар мыналарға:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Қоғамның Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқылы.

**43.** Қоғам акционері мыналарға:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

**44.** Акционердің осы Жарғының 43-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

### **9-бап. Қоғамның құқықтары мен міндеттері**

**45.** Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте мыналарға:

1) өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

2) бағалы қағаздар шығаруға;

- 3) басқа ұйымдардың құрылуына немесе қызметіне қатысуға;
- 4) сотта талапкер және жауапкер болуға;
- 5) технологияларды, «НОУ-ХАУ», басқа да зияткерлік меншіктің басқа нысандарын иелену мен пайдалану құқығын, сондай-ақ басқа ақпаратты алуға және көрсетуге;
- 6) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдарын және өкілдіктерін құруға, оларға өз меншігі есебінен негізгі және айналым қаражатын беруге, олардың қызметінің тәртібін анықтауға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне берілген өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы.

#### **46. Қоғам мыналарға:**

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға;
- 2) белгіленген тәртіпте салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
- 3) өз мүлігі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап беруге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында және/немесе осы Жарғыда көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

#### **10-бап. Қоғамның органдары**

##### **47. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:**

- 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма.
- 4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын, ішкі бақылау саласына, тәуекелдерді басқаруға баға беретін, корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындау және Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беретін орган – Ішкі аудит қызметі.

#### **11-бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы**

##### **48. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.**

Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Акционерлердің жылдық жиналыстан басқа өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс боып табылады.

**49.** Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

**50.** Егер барлық дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі болса, онда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және олар артықшылықты акциялармен куәландырылған құқыққа нұқсан келтірмейтін және оны шектемейтін жағдайда, жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

**51.** Әрбір акционер Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берген кезде өзіне тиесілі дауыс беретін акциялар санына тең дауыс санына ие. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді:

- 1) Қоғамның Басқармасы;



- 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

**52.** Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптарын, сонымен қатар осы Жарғының 83-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік критерийлерін бекіту;
- 8) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен байланысты шығындарды анықтау;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысы және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметіне төленетін төлем мөлшерін белгілеу;
- 11) әкімшілік аппаратты орналастыру үшін тиесілі қызметтік жеңіл автомобильдер нормативтерінің және алаңдардың нормаларын белгілеу;
- 12) Қоғамның қызметтік іссапарға жіберілетін қызметкерлерінің шығындарды өтеу тәртібі мен шарттарын белгілеу;
- 13) Қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын, өкілдік шығыстар шектелімін берген кезде Қоғам есебінен өтелетін шығындар шектелімін белгілеу;
- 14) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 15) Қоғамның дивидендті саясатын бекіту;
- 16) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 17) Заңда көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 18) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 19) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім

қабылдау;

20) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;

21) Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын Заңға сәйкес белгілеу әдістемесіне енгізілген өзгерістерді бекіту (егер бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);

22) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңдарымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту;

23) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

24) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

25) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есептен тұратын Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;

26) Қоғамның Басқарма Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ осы шешімді кейіннен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, онымен жасалған еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

27) Қоғамның акцияларына опцион ұсынуды көздейтін тәртіпті бекіту, сонымен қатар Қоғам акцияларына опцион ұсыну талаптарын бекіту;

28) шешім қабылдау заңнамалық актілерде және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

**53.** Осы Жарғының 52-тармағының 1)-4) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

**54.** Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

**55.** Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін бұзуға құқылы.

**56.** Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің және Ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

**57.** Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.

**58.** Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген

тұлға қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.

**59.** Акционерлерге алдағы өтетін Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

**60.** Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

**61.** Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей осы Жарғының 62-тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, Ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

**62.** Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді жақтап дауыс берсе, онда олар күн тәртібіне енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

**63.** Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызын иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

**64.** Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына қайталап өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы, егер:

1) кворумның болмауы себепті Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

**65.** Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке-дара немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап

етілмейді.

Қоғам органдары мүшелерінің, сонымен қатар Қоғамның өзге қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөйлеуге құқығы жоқ.

**66.** Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Жалпы жиналыстың төрағасын (алқаны) және хатшысын сайлайды. Жиналысқа қатысатын барлық акционерлердің Қоғам Басқармасына кіретін жағдайларын қоспағанда, Қоғам Басқармасының мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

**67.** Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына жағдайларды қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

**68.** Кумулятивтік дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстарды акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір үміткер үшін толық беруі немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында бөліп беруі мүмкін. Қоғамның Директорлар кеңесіне неғұрлым көп дауыс жинаған үміткерлер сайланған болып танылады. Егер Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп үміткер тең дауыс жинаса, бұл үміткерлер үшін қосымша дауыс беру өткізіледі.

**69.** Дауыс беру бюллетеньдер бойынша ашық тәсілмен және жасырын дауыс беру жолымен жүргізілуі мүмкін.

**70.** Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

**71.** Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

**72.** Сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

**73.** Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын хатшы толтырып, Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы, хатшысы, Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын иеленетін және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қол қояды.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде хаттамаға оның өкілі қол қояды.

**74.** Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысы

жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

Акционерлерді дауыс беру қорытындылары туралы хабардар ету осы Жарғының 16-бабында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

#### **12-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі**

75. Қазақстан Республикасының Заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;
- 2) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын бекіту, сонымен қатар Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуына, Қоғамның даму жоспары мен Қоғам бюджетінің орындалуына мониторинг жүргізу;
- 3) Қоғам Басқармасының мүшелері, Қоғамның Корпоративті хатшысы (Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақы комитетінің ұсынымдары бойынша), Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен жетекшісі және олардың мақсатты мәні (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдары бойынша), сондай-ақ олардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу үшін негізгі қызмет көрсеткіштерін бекіту;
- 4) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;
- 6) Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 8) осы Жарғының 52-тармағының 7)-8), 15)-17) тармақшаларына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысына оның қарауына шығарылған мәселелерге қатысты ұсынымдар дайындау;
- 9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту және оны Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына шығару, оның ішінде Қоғамның сыртқы аудитінің сапасы мен тәуелсіздігіне бақылау жүргізуді жүзеге асыру;
- 10) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті алдын ала бекіту және оны Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына бекіту үшін шығару;
- 11) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;
- 12) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін (Басқарма Төрағасынан басқа) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 13) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен Қоғам Басқармасы мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, екбекақы төлеу және сыйлықақы беру

шарттарын белгілеу;

14) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) мөлшері мен талаптарын айқындау;

15) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау;

16) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

17) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит комитетінің ұсынымдары бойынша) шешімдер қабылдау;

18) Қоғамның корпоративті хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, өкілеттігін уақытша тоқтатуды, сонымен қатар Қоғамның корпоративті хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерімен сыйлықақы беру талаптарын айқындау;

19) Қоғамның Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның аудит қызметін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның кандидатурасына қатысты ұсынымдар дайындау;

20) Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

21) Қоғамның корпоративті басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративті басқару жүйесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту немесе Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін Қоғамның корпоративті басқару мәселелері бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау;

22) Қоғамның Іскери этика кодексін бекіту және Қоғамның Іскери этика кодексі ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

23) Қоғамның тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

24) Қоғамның есепке алу саясатын бекіту;

25) Қоғамның сыртқы аудит жөніндегі саясатын бекіту;

26) Қоғамның корпоративті әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық саласындағы саясатын бекіту;

27) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы саясатын бекіту;

28) Қоғамдағы корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекіту;

29) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту және оның тиімділігін бағалау;

30) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен өзге қызметкерлерінің арасында туындайтын мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізу және оны реттеуге қатысу;

31) аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

32) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін регламенттейтін құжаттарды бекіту;

33) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;

- 34) Қоғамның Корпоративті хатшысы туралы ережені бекіту;
- 35) Қоғам өз қызметін жүзеге асыру кезінде кездесетін тәуекелдер картасын, тізілімді, тәуекелдер пен бақылаулар матрицасын, сонымен қатар қатар қатарлі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды бекіту;
- 36) Қоғамның жалпы тәуекелге тәбетін, Қоғамның әрбір негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін, қабылдайтын тәуекелдердің деңгейін шектеу үшін шектелімдер белгілеу және негізгі тәуекелдер көрсеткішін бекіту;
- 37) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту, сонымен қатар тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйелерінің тиімділігін бағалау;
- 38) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Даму стратегиясының, Даму жоспарының, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштері жетісіктерінің және олардың мақсатты нысанасының, Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды басқару тиімділігінің орындалуы мен іске асырылуы туралы басқару есептілігінің тәртібін және нысанын бекіту;
- 39) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының сызбасын бекіту;
- 40) Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған және Қоғам Басқармасы Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған құжаттарды қоспағанда, қабылдануы Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарды бекіту;
- 41) Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит, тағайындаулар, сыйақылар жөніндегі және өзге де Комитеттерін құру және құрамын белгілеу, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау;
- 42) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау;
- 43) Қоғамның штаттық санын бекіту;
- 44) Қоғамның Директорлар кеңесінің Хатшылығы мен Қоғамның Ішкі аудит қызметінің штаттық кестесін бекіту;
- 45) Қоғамның, сондай-ақ тағайындау мен келісуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын еншілес ұйымдар қызметкерлерінің тізбесін анықтау;
- 46) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерімен және Қоғамның өзге қызметкерлерімен жасасатын шарттарының талаптарын бекіту;
- 47) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің қызметін бағалау көрсеткіштерін бекіту;
- 48) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің қызметін бағалау;
- 49) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның өзге қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламасын бекіту;
- 50) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 51) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) сатып алуы туралы шешім қабылдау;

52) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) сенімді басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

53) акцияларының он және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның (қатысушының) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметінің мәселелеріне қатысты шешімдер қабылдау;

54) Қоғам міндеттемелерін өзінің жеке капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

55) бұрынғы тіркеушімен жасасқан шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

56) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау және аталған ақпараттың қорғалуын реттейтін рәсімдерді бекіту;

57) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

58) Қоғам Басқармасы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндіктеріне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

59) Қоғамның бағалы қағаздарына кепілдік беру туралы шартты мақұлдау;

60) Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есеппен бірге дайындап, ұсыну;

61) Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына мәселелерді шығару;

62) тоқсан сайын Қоғамның негізгі тәуекелдерінің сипаттамасынан және оларға жасалған талдаудан, сонымен қатар Қоғамның тәуекелдерін мейлінше азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтерден тұратын Қоғам бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерін қарау;

63) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту және Қоғамның жыл сайынғы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;

64) Қоғамның сатып алу рәсімдері мен оны өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысын тағайындау және лауазымынан босату;

65) Қоғамның кадр саясатын бекіту;

66) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда көзделген Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

77. Осы Жарғының 76-тармағында белгіленген сұрақтар тізбесі оларды шешу үшін Қоғамның Басқармасына берілуі мүмкін.

78. Қоғамның Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

79. Осы Жарғының 76-тармағының 2), 9)-14), 16), 17), 35), 36), 43)-45), 57), 58) тармақшаларында көрсетілген мәселелер, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген өзге мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесінің тікелей отырыстарында қабылданады.

80. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам акционері болып табылмайтын және акционер мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде Қоғамның



Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай адамдар саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.

**81.** Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесінің:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығының болмауы;

2) бұрын заңды тұлғаның басшы қызметкері лауазымын атқарған кезде банкрот болып танылған немесе тоқтатып қоюға, қалпына келтіруге, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері немесе аталған заңды тұлғаның тоқтатып қоюға, қалпына келтіруге, мәжбүрлеп таратуға ұшырағаны туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде оның басшы қызметкері болмауы тиіс.

**82.** Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқа Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің сан құрамы мен өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің сан құрамы алты адамнан кем болмауға тиіс, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылдан аспауға тиіс, өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын қайта сайлауға болады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

**83.** Тәуелсіз директор Заңда көзделген талаптарға сәйкес келетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады, сонымен қатар егер ол:

1) Қоғам қызметкері немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын болса немесе Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде болмаса;

2) Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде оның Қоғам қызметкерлерімен жақын туыстығы (ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, ұлы, қызы), некеде тұрған адамы, сондай-ақ жекжаттығы (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, апа-сіңлісі, ұлы, қызы) болмаса және болмаған болса;

3) Қоғамнан немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғаларынан қаржы алып тұратын коммерциялық емес ұйымның аффилиирленген тұлғасы болып табылмаса;

4) Қоғамға немесе Қоғамның аффилиирленген тұлғаларына қайтарымды негізде кез келген қызмет түрін көрсетпесе;

5) Қоғам қызметкері директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайтын болса;

6) Қоғамға аудит жүргізетін немесе жүргізген ұйымның аффилиирленген тұлғасы немесе қызметкері не аталған ұйымның аффилиирленген тұлғаларының қызметкері болмаса және Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы бес жыл ішінде болмаса;

7) Қоғам қабылдайтын шешімдерді белгілей алатын мүмкіндігі бар немесе Қоғам қабылдайтын шешімдерді белгілей алатын мүмкіндігі бар тұлғаның жақын туысы, мұрагері, құқықтық мирасқоры, өкілі болмаса;

8) Қоғам акционерінің аффилиирленген тұлғасы болмаса;

9) Шетел мемлекетінің тағайындалатын немесе сайланатын заңнамалық, атқарушы, әкімшілік немесе сот органдарында қандай да бір қызмет атқаратын

тұлға болмаса, сонымен қатар шетел мемлекеті үшін қандай да бір жария функция атқаратын тұлға болмаса;

10) 7 (жеті) жылдан астам Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болмаса;

11) Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен өзге критерийлерге сай келсе, тәуелсіз директор болып табылады.

84. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер ол Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, шектеусіз мерзімге бір рет сайлана алады. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын қысқартуға құқылы.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғалардың директорлар кеңестерінде лауазымдар атқаруына тыйым салынады.

85. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде оның бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

86. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл орайда Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі, тұтастай алғанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

87. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

88. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 3) отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды;
- 4) егер осы Жарғыда өзгеше көзделмеген болса, Қоғам атынан Қоғамның Басқарма Төрағасымен еңбек шартына қол қояды;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ереже мен Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

89. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарастыру және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің мына мәселелер жөніндегі комитеттері құрылуы мүмкін:

- 1) тағайындаулар;
- 2) сыйақылар;
- 3) аудит;
- 4) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге мәселелер.

Комитеттерді құру мен оның жұмыс тәртібін, сонымен қатар сандық және дербес құрамын Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

**90.** Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасымен немесе мыналардың:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің талаптары бойынша шақырылуы мүмкін.

**91.** Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламасын жіберу арқылы қойылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғам Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

**92.** Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Қоғамның корпоративті хатшысы дайындайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламалар жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беру арқылы, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірыңғай нысанда сырттай дауыс беру үшін берілетін бюллетень қоса беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналардан тұруға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жерінен;
- 2) қол қойылған бюллетеньді корпоративті хатшыға берген күннен;
- 3) отырыстың күн тәртібінен;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) өзге мәліметтер.

**93.** Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасына Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

**94.** Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін жиналатын кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және ол техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференциялар сеансы режимінде, телефон арқылы конференц-байланыстар және т.б.) пайдалана отырып немесе олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған жағдайда, қарастырылатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Қоғамның Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін ескере отырып анықталуы мүмкін.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда

белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғам Акционерлерінің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

95. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңда және осы Жарғыда өзгеше көзделмеген болса, отырысқа қатысқан Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық еткен Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

96. Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған тек Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

97. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының шешіміне байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдануы мүмкін. Бұл орайда отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы мен корпоративті хатшының қолы қойылуға тиіс, сонымен қатар ол мыналардан:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімдерінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаның (органның) атауы;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болу/болмауы туралы жазба;
- 7) дауыс беруге қойылған мәселелер, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 8) қабылданған шешім;
- 9) өзге мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді қоса тіркей отырып жіберілуге тиіс.

98. Қоғамның Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен корпоративті хатшы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

**99.** Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері, сондай-ақ қолдары қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

**100.** Корпоративті хатшы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің өзінің қолы қойылып, мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

**101.** Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіп бұзылған жағдайда онымен сот тәртібімен дауласуға құқылы.

**102.** Қоғам акционері егер осы аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Қоғамның осы акционерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, сотта Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңның және осы Жарғының талаптарын бұзып қабылдаған шешімімен дауласуға құқылы.

### **13-бап. Қоғам Басқармасы**

**103.** Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғам Басқармасы жүзеге асырады.

**104.** Қоғам Басқармасы Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

**105.** Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам Басқармасы туралы ережеде анықталады.

**106.** Қоғам Басқармасының құзыретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның Даму жоспарын қарауға және бекітуге ұсыну;

2) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның Даму жоспарын, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің жетістіктерін және олардың мақсатты нысаналарын іске асыру;

3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыру;

4) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның штаттық саны шеңберінде Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, Қоғамның Басқарма мүшелері мен Қоғамның өзге қызметкерлерін қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің еңбегін негіздеу талаптарын белгілейтін құжатты бекіту;

6) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар

кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

7) осы Жарғының 76-тармағының 1)-2), 23), 24), 26), 27), 37), 43), 49), 50), 56)-тармақшаларына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала мақұлдау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның дивидендті саясатына, Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін анықтауға қатысты ұсынымдар әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарау, мақұлдау және ұсыну;

9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

10) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

11) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының тобына кіретін ұйымдар арасында жасалуына мүдделілік бар мәмілелер қорытындысы туралы шешім қабылдау;

12) Қоғам міндеттемелерін оның өз капиталының екіден (қоса алғанда) онға дейінгі (қоспағанда) пайызының мөлшерін құрайтын шамаға көбейту;

13) мүліктік емес сипаттағы мәміле және құны Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің екіден (қоса алғанда) онға дейінгі (қоспағанда) пайызының мөлшерін құрайтын, нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе тартып алатын мәміле жасау туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын Қоғам өкілдерінің Қоғам Басқармасы бекіткен мәселелер тізбесі бойынша Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі ұстанымдарын анықтау;

15) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің өз құзыретін жүзеге асыруы үшін қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және өзге қаражаттарды бөлу.

Қоғам Басқармасы Қоғамның басқа органдарының құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен жатқызылмаған кез келген басқа мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

**107.** Қоғам Басқармасының қабылдаған шешімдерін Қоғам қызметкерлері орындауға міндетті.

Басқарма шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қоюға тиіс және ол әр сұрақ бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелерінің қорытындысы көрсетіліп, дауыс беруге қойылған сұрақтардан тұруға тиіс.

**108.** Қоғамның акционерлері болып табылмайтын Қоғам акционерлері мен қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам Басқармасы туралы Ережемен, сондай-ақ аталған тұлға мен Қоғам арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе осыған Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы немесе

Қоғамның Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

Қоғам Басқармасының мүшелеріне, сонымен қатар Қоғамның өзге қызметкерлеріне Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғалардың директорлар кеңестерінде, атқарушы органдарында лауазымдар атқаруға тыйым салынады.

**109.** Қоғамның Басқарма мүшелері залалды болдырмау, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін Қоғам Басқармасының отырысын шақыруға бастама жасау арқылы Қоғамның Басқарма Төрағасына хабар беру немесе өзге қол жетімді тәсілмен қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

**110.** Қоғам Басқармасының әр мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Қоғамның Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

**111.** Қоғам Басқармасы мүшесінің өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне дауыс беру құқығын беруіне жол берілмейді.

**112.** Қоғам Басқармасы айына, әдетте, кемінде 1 рет жиналады. Қоғам Басқармасы, егер оның отырысына сайланған Қоғамның Басқарма мүшелері санының жартысынан азы қатысқан жағдайда, шешім қабылдауға құқылы.

**113.** Қоғам Басқармасы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

**114.** Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің мүшелеріне, өздеріне жүктелген міндеттерді орындау барысында Қоғамның қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты сұраныс алған кезден бастап он күннен кешіктірмей уақытында қамтамасыз етеді.

**115.** Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғам қызметіне басшылықты жүзеге асырады, сонымен қатар Қоғам Басқармасын басқарады.

**116.** Қоғамның Басқарма Төрағасы мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- 1) Қоғамның ағымдағы операциялық қызметін жүзеге асырады;
- 2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының, Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 5) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 6) Қоғамның Даму стратегиясын, Қоғамның Даму жоспарын, қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты нысаналарын, Қоғамның дивидендті саясатына қатысты ұсыныстарды, Қоғам қызметінің басым бағыттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 7) Қоғам ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- 8) Директорлар кеңесін Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктері туралы хабардар етеді;
- 9) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның Даму стратегиясын, Қоғамның Даму жоспарын, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің жетістіктері мен олардың мақсатты нысаналарын іске асыру, Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды тиімді басқару туралы басқару есептілігін, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен басқару есептілігінің тәртібіне және нысандарына сәйкес өзге есептілікті дайындап, ұсынуды қамтамасыз етеді;

- 10) Директорлар кеңесін Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінде анықталған кемшіліктері туралы хабардар етеді;
- 11) Қоғамның Директорлар кеңесін осы Жарғының 106-тармағының 15) тармақшасына сәйкес қабылданған Басқарма шешімдері аясындағы өз құзыретін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;
- 12) Қоғамның Директорлар кеңесін Қоғам қызметіндегі маңызды оқиғалар туралы хабардар етеді;
- 13) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген міндеттерді орындау кезінде Қоғам қызметі туралы ақпаратты, қажетті түсіндірмелерді беруді сұрау алған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, уақытылы қамтамасыз етеді;
- 14) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, аралық қаржылық есептілігін және Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті дайындауды қамтамасыз етеді;
- 15) осы Жарғының 76-тармағының 24), 26), 27), 37), 49), 56), 65) тармақшаларында, 106-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген құжаттардың әзірленуі мен қолданылуын қамтамасыз етеді;
- 16) Қоғам қызметі туралы ақпараттың уақытылы және толық ашылуының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
- 17) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы ұсыныс енгізеді және филиалдар мен өкілдіктер туралы ереженің әзірленуін қамтамасыз етеді;
- 18) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар әзірлеу мен енгізуді қамтамасыз етеді;
- 19) Қоғамның кадр саясатын, атап айтқанда, Қоғам қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы мен жалақыға дербес үстемеақы мөлшерін белгілейді, Қоғам Басқармасының мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін, Қоғамның корпоративті хатшысын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;
- 20) Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен, оның ішінде Қоғам Басқармасы мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және Қоғамның корпоративті хатшысымен белгіленген тәртіпте еңбек шарттарын жасайды және оларды бұзады;
- 21) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады, нұсқаулар береді;
- 22) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғам қызметкерлерінде туындайтын мүдделер қақтығысына мониторинг жүргізеді және оны реттеуге қатысады;
- 23) мүліктік емес сипаттағы мәмілелер және құны Қоғамның жеке капиталы мөлшерінің 2 (екі) пайызына дейін құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелер жасайды;
- 24) Қоғамның Ірі акционері белгілеген нысандар бойынша және мерзімде Ірі акционерге Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілігін дайындау



мен ұсынуды, Қоғамның Даму жоспарын іске асыруды қамтамасыз етеді;

25) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Қоғам Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

26) Қоғамның Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

27) Қоғамның жұмыс істеу режимін белгілейді;

28) Қоғамның банктік шоттарын ашады;

29) Қоғамның Басқармасының жұмысын ұйымдастырады, Қоғам Басқармасының отырыстарын шақырады және Қоғамның Басқарма мүшелерінің қарауына қажетті материалдарды ұсынады;

30) Жылдық қаржы есептілігі аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсыныстарының, сонымен қатар Қоғамның Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына бақылау жасайды;

31) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

32) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалған өзге де құпиялардан тұратын қызметі туралы ақпаратты қорғау мен оның бүтіндігін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

33) Директорлар кеңесіне Қоғам акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін ұсынады және есепті қаржылық жыл үшін Қоғамның таза пайдасын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін белгілеу туралы ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз етеді;

34) Қоғам Басқармасының мүшелерін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді;

35) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға сәйкес, Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы қызметін қамтамасыз етеді;

36) Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының талаптарына сәйкестігіне бақылау жасауды жүзеге асыратын ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

37) Қоғамның кадрлар резервінде тұрған мүшелермен олармен танысу, бағалау, білім алмасу және Қоғам Стратегиясын оларға жеткізу үшін үнемі кездесулер өткізеді;

38) өзге де, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға сәйкес аталған органдар мен Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, оған Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы және Қоғамның Директорлар кеңесі берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### **14-бап. Қоғамның Ішкі аудит қызметі**

**117.** Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды, ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративті басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды және консультация беруді жүзеге асыру үшін Қоғамның Ішкі аудит қызметі құрылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

**118.** Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Қоғамның Ішкі

аудит қызметінің жұмысын қадағалауды Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен қызметтері, оның құқықтары мен жауапкершілігі, қызметін ұйымдастыру тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ережесімен айқындалады.

**119.** Қоғамның Ішкі аудит қызметі белгіленген тәртіпте:

1) Қоғам қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;  
2) Жүйелі және сабақтастықты ұстанымға сүйене отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративті басқару үдерістерін бағалайды, консультациялар береді және оларды жетілдіруге ықпал етеді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, Қоғамның ішкі құжаттарына және Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге қызметтерді де жүзеге асырады.

**120.** Қоғам мен Қоғамның Ішкі аудит қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Жарғымен реттеледі.

### **15-бап. Қоғам аудиті**

**121.** Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.

**122.** Қоғам аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасымен Қоғам есебінен немесе Қоғамның Ірі акционерінің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл орайда Қоғамның Ірі акционері аудиторлық ұйымды өз бетімен белгілеуге құқылы.

**123.** Қоғамның Ірі акционерінің талабы бойынша аудит жүргізген кезде Қоғам аудиторлық ұйымның сұратқан барлық қажетті құжаттарын (материалдарды) беруге міндетті.

### **16-бап. Қоғам акционерлеріне Қоғам қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібі**

**124.** Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғам өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

**125.** Мыналар Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпарат деп танылады:

1) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы және Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер мен қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасауы;

4) Қоғам мүлкін осы Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның өз капиталының мөлшерінен Қоғамның жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

- 8) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;
- 9) нәтижесінде Қоғам мүлкі, Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын теңгерімдік құны жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;
- 10) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;
- 11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;
- 12) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;
- 13) осы Жарғыға, сонымен қатар Қоғам акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысты өзге ақпарат.

**126.** Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мақсатында Қоғамның ішкі құжаттары арқылы аталған ақпаратты беруге шектеу қойылуы мүмкін.

**127.** Осы Жарғының 125-тармағында санамалап көрсетілген Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін бқұаралық ақпарат құралдары, атап айтқанда, кемінде он бес мың дана таралыммен шығарылатын және Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспа басылымдары мен (немесе) Қоғамның WEB-сайты не Интернет желісінің өзге WEB-сайты қолданылады.

**128.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімі көзделмеген болса, онда осы Жарғының 125-тармағында санамалап көрсетілген ақпарат ол туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).

**129.** Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Қоғам соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

**130.** Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

### **17-бап. Қоғамның құжаттары**

**131.** Қоғам қызметіне қатысты құжаттар Қоғам Басқармасы орналасқан жерде оның бүкіл қызмет ету мерзімі бойында Қоғамның сақтауында болады. Құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тізбеге (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес сақталады.

**132.** Тізбеге енгізілмеген өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

**133.** Акционердің жазбаша талабы бойынша, Қоғам оған Тізбеге енгізілген құжаттардың көшірмелерін мұндай талап Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Қоғам акционерінің өзіне осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын Қоғам осы сұрауды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде орындайды.

**134.** Қоғам қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардан тұратын ақпаратқа шектеу енгізуге құқылы.

**135.** Құжаттардың көшірмелерін алу үшін төлемақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалатын

шығынның құны мен Қоғам акционеріне құжаттарды жеткізіп берумен байланысты шығындардың төлемақысынан аспауға тиіс.

**136.** Қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиялардан тұратын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Қоғам акционеріне оның талабы бойынша танысу үшін берілуге тиіс.

#### **18-бап. Қоғам акционерлері мен лауазымды тұлғаларының аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат ұсыну тәртібі**

**137.** Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Қоғамның Ірі акционерлері болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты) жүргізеді.

**138.** Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде беруге міндетті.

Қоғамның ірі акционері мен Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға өздерінің Заңға сәйкес белгіленген аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті аффилирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде жазбаша түрде тапсыруға міндетті.

Ірі акционерлер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға осы тармақта көрсетілген тәртіпте және мерзімде өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті беруге тиіс.

Бұрын аффилирленген тұлға болып саналған Қоғамның Ірі акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы, ондай болмай қалған жағдайда, Қоғамның Ірі акционері немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл туралы Қоғамға бес күн ішінде хабарлайды.

Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат Қоғамға қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен тиісті нысан бойынша беріледі.

**139.** Қоғам уәкілетті органға өзінің аффилирленген тұлғалары туралы тізімді олар белгілеген тәртіпте береді.

#### **19-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру**

**140.** Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

**141.** Қайта ұйымдастыру ерікті түрде немесе мәжбүрлеу арқылы жүргізілуі мүмкін.

**142.** Егер Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акциялары шығарылымының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен күші жойылуға тиіс.

#### **20-бап. Қоғамды тарату**

**143.** Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте қабылдайды.

**144.** Қоғамды мәжбүрлеп таратуды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Қоғамды тарату туралы талапты, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмеген болса, сотқа мүдделі тараптар қоюы мүмкін.

**145.** Сот шешімімен немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен Қоғамды тарату бойынша Тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды таратқан кезеңде Қоғамды басқару және Қазақстан Республикасының заңдарында анықталған іс-қимыл тізбесін жасау бойынша өкілеттіктерге ие болады.

Ерікті түрде таратқан кезде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Қоғамның Ірі акционерінің өкілдері, сонымен қатар Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуге тиіс.

**146.** Қоғамды тарату рәсімі мен оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

**147.** Қоғамды таратқан кезде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте күшін жояды.

**148.** Қоғамның таратылатын мүлкін бөлу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

**«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының  
Басқарма Төрағасы**



**Ұпышев  
Ерлан Елемесұлы**